

ерітінді пайда болады. Ерімейтін тұнбаны ыстық ерітіндіден сүзеді. Сүзіндіні петролейн эфиріне (300 мл) құяды. Түзілген өнімді сүзеді және петролейн эфирімен жуады. Шығым 4,0 г (93%).

2.2.3. Олефиндерді металлкомплекті катализаторлар қатысында көміртек моноксиді және спирттермен гидроэтерификациялау реакциясын жүргізудің жалпы әдістемесі

Гидроэтерификациялау реакциясын 1-суретте көрсетілген автоклав типтегі лабораториялық қондырғыда жүргізеді. Қондырғы құрамына кіреді: шыны реактор (150 мл) 1, автоклав 2, магниттік араластырғыш 3, процесс кезінде реакциялық қоспадан үлгі алу үшін қажет құрылғы 4-5, изобутиленді ендіру үшін қажетті дозатор құрылғылары 6-12, үлгілі манометрлер 14 және 15, араластырғыш 16, электрқыздырғыш 17, термопара 19, көміртек монооксиді бар баллон 21 және изобутилені бар баллон 22.

Автоклав диамагнитті тот баспайтын болаттан жасалған, магнитті араластырғыш үстелінде орналастырылған, ол арқылы реакциялық қоспаны араластыру жүргізіледі. Шыны реактор 1 реакциялық қоспаның автоклав материалымен жанасуынан сақтайды. Үлгі алатын капиллярлық түтіктер 4 мен дозатор түтіктері 6 ($d=1\text{мм}$) тот баспайтын болаттан жасалған; түтіктің шығатын жеріне 4 үлгі алу үшін микровентиль 5 қосылған. Дозирлеуші құрылғы* түйісетін екі жұп микровентильдері: изобутиленмен топсаны толтыру үшін қажет 9 және 10 вентильдер, және 11 мен 12 изобутиленді шығару үшін қажетті, дозирлеуші топсадан 8 тұрады. Дозаторды босату СО бар баллон 21 вентильдері жабық кезде, 13 түтік арқылы жүргізіледі және ондағы қысымның түсуі бойынша манометрмен 14 бақылап отырады; дозирлеу соңында – манометр 14 тілінің күрт секірісі бойынша –11 және 12 вентильдерді жабады. СО қысы-

* Газ тәрізді олефиндер(бутилен, изобутилен және б.) жағдайында дозирлеуші құрылғы қолданылады